

достаточно для стартовых усилий перехода на зелёные технологии. В частности, за счёт переориентации субсидий из коричневых секторов и госзакупок.

В Южной Корее на 2009-2013 годы выделено \$83,6 млрд., что приведет к росту производства на \$140-160 млрд. и обеспечит создание более 1,5 млн. рабочих мест.

Аналогичные показатели нужно достичь Казахстану к 2020 году. Сейчас это соответствует примерно \$3,2 миллиарда. Меры, предпринятые государством, направлены на достижение данных целей.

Литература

1. Доклад ПРООН о человеческом развитии «Устойчивое развитие и равенство возможностей: лучшее будущее для всех». М., 2011 г.

2. Исак А. «Зеленая» экономика – шанс для устойчивого развития Молдовы» 2012 г. Источник: Логос-пресс.md.

3. Национальный отчет по интеграции принципов «зеленого» роста в Республике Казахстан, под ред. Есекиной Б.К., 2010, 102 с.

4. Бобылев С.Н., Захаров В.М. «Зеленая» экономика и модернизация. Эколого-экономические основы устойчивого развития. // На пути к устойчивому развитию России, № 60, 2012.

Т.И. Есполов, К.М. Тіреуов

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Мақалада «жасыл» экономиканың тұжырымдамасы Қазақстанның тұрақты дамуының жаңа бағыты ретінде ашылады. «Жасыл» экономикаға өту мақсатында инвестицияларды ұлғайту, мақсаттық мемлекеттік қолдау және т.б. кең ауқымдағы аспаптар ұсынылады.

T.I. Espolov, K.M. Tireuov

GREEN ECONOMY – A NEW VECTOR OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

The article the concept of "green economy" as a new vector for sustainable development of Kazakhstan is highlighted. For transition to the "green economy" offers a wide range of tools, such as increased investment, the target government support, etc.

ӘОЖ 336.76.(578)

А.М. Жұмабаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада Қазақстан ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіндегі проблемалары мен оның жетістіктері қарастырылған.

Кілт сөздер: Ұлттық экономика, бәсекеге қабілеттілік, инвестициялық тартымдылық, макроэкономикалық тұрақтылық, экономикалық өсу, әлемдік жаһандану.

Қазақстан халықаралық ұйымдардың бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі рейтингісі бойынша ортаңғы қатарда келеді. Алайда, еліміздің алдағы уақытта бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға толық мүмкіндігі бар мемлекет екенін ескерген жөн. Бұл өз кезегінде еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және әлемдік тұрғыда беделін көтеруге жағдай жасайды.

Қазақстанның экономикалық дамуының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесінде орын алған проблемалармен қатар жетістіктері де жетерлік. Атап айтқанда, Қазақстан үшін адам капиталын дамытудың, экономиканы әртараптандырудың, инновацияны өндіріске енгізудің, әкімшілік кедергілерді азайтудың өміршең мәні бар. Осыған қарамастан, соңғы рейтингтерде еліміздің макроэкономикалық тұрақтылық мәселелері жоғары өсу баспалдақтарына көтерілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылғы Жолдауында Республика Үкіметінің алдына келесі міндетті қойып былай деді: Өңірлерді дамыту мәселесіне тоқталды. Қуатты Қазақстан дегеніміз – бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы болып саналады. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Бұл үшін алдымен жаңа зауыттар көп салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет. Бүгінде әлемнің көп елдерінде осылай жасалуда. Мемлекет өз азаматтарының сондай қуатты өңірлерге қоныс аударуына көмек қолын созуы тиіс.

2010 жылдың мамыр айында жарияланған Әлемдік бәсекелестік туралы баяндамаға сәйкес (Халықаралық менеджмент даму институты IMD) Қазақстан өткен жылғы көрсеткішінен 3 дәрежеге көтеріліп, 58 елдің ішінен 33-ші орынға шықты. Экономикалық қызмет факторы бойынша Қазақстан 50 - ші, Үкімет тиімділігі бойынша – 24-ші, бизнес тиімділігі бойынша – 31-ші, инфрақұрылым бойынша – 46-ші орында.

Қазақстанның негізінен статистикалық деректерден құралған IMD рейтингісі бойынша соңғы екі жыл ішінде жоғары орынға көтерілуі еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің артып келе жатқандығының нақты динамикасын көрсетеді. Бұл рейтингіге қатысушы мемлекеттер санының шектеулі болуы берілген бағаның артықшылығын көрсетсе керек.

Елдің әл-ауқат деңгейін жоғарылатуда ең бірінші мемлекеттің өзі мүдделі. Еңбек ресурстарының мобильділігін мейлінше жоғары табыс табу және халықтың өмір сүру деңгейін жасарту мүмкіндігі ретінде қарастырған жөн. Қазіргі уақытта Қазақстан үшін бір облыстан екінші облысқа еңбек етуге ішкі көшу жоғары болып тұр. Осыған байланысты, белгілі бір біліктілігі бар мамандарды мақсатты бағдарлау, қайта бөлу бағдарламасын жасаудың қажеттілігі туындап отыр. Халықаралық көші-қон үрдісін реттейтін құжаттарды жасауға біздің еліміздің айрықша мүдделерін есере отырып кіріскен жөн.

Жергілікті дағды мен әлеуетті (ғылым және технология, инновация, туризм) жақсарту, негізгі инфрақұрылымды (автокөлік жолдары, темір жолдар, телекоммуникация, АТ) дамыту арқылы тұрақты дамуды қолдау мақсатында экономиканы әртараптандыру саласында Еуропалық Одақ қызметін қолдау аясында ықпалдастыру бастамалары қуатталуда.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының негізгі міндеті кәсіпкерлік тіршілік субъектілеріне бастапқы кезеңде инновациялық кәсіпорынды немесе ғылыми-техникалық жобасын дамытуда көмек беру арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік экономиканы жаһандандыру шектен тыс қарама-қайшы болып табылады, ұлттық экономикалық жүйелердің өркендеуіне мүмкіндік тудыруды да, дамушы

экономикаларға тигізетін қауіп-қатерді де қатар алып жүреді. Елдердің күш-жігері жаһандану басымдылығын пайдалануға және оның кері жақтарын басуға мүмкіндік беретін даму үлгілерін іздестіруге бағытталуы тиіс. Әлемдік экономиканың күшейіп келе жатқан жағдайында бәсекелік басымдылықты, меншік иелерінің құқықтарын қорғауды (интеллектуалдық меншікті қоса алғанда) және заманауи инновациялық жүйе құрудың бүкіл проблемалар блогын түбегейлі арттыру, білім іздестіру қабілеттілігін және жаңа технологияларды және алдыңғы қатарлы идеяларды сіңіру проблемалары өзекті болып келеді.

Шағын және орта инновациялық фирмалар нарықтың жаңа сегменттерін ашатын, жаңа өндірісті дамытушы, өндірістің ғылымды қажетсінуін және бәсекеге қабілеттілігін арттыратын және осылайша жаңа технологиялық тәртіп қалыптастыруға жағдай жасайтын экономиканың жаңа туындап келе жатқан салаларында технологиялық көшбасшылар болып келеді.

Мемлекеттік инновациялық саясат стратегиясындағы басымдық болып мемлекеттік маңызы бар басты-басты инновациялық, тиімділігі жоғары және тез өтелімді, жүзеге асыруда мемлекет өзіне қауіп-қатер бөлігін жүктей отырып, жекеменшік инвесторламен үлестік негізде қатысуы мүмкін жобалар пайдалануы тиіс.

Дамудың инновациялық үлгісіне көшу шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту бойынша мынадай шаралар қолдануды талап етеді: кәсіпкерлерді лизинг қызметтеріне кеңінен қол жеткізуді (жаңа технологиялық құрал-жабдық, өндіріс ғимараттары, ұйымдастырушы техника және т.б.) қамтамасыз ету, шағын бизнесті дамытуға арналған мақсатты қаржы нарығын кеңейту; өз бизнесін сауатты жүргізу үшін кәсіпкерлерді даярлау және қайта даярлау орталықтары жүйесін дамыту; шағын кәсіпкерлікті қолдаудың коммерциялық емес консалтингілік және өзге де орталықтарын дамыту; қажетті инфрақұрылымды, әсіресе ауылды жерлердің инфрақұрылымын дамытқан жөн.

Қазақстандағы қалыптасқан технологиялық құрылым әлемдік стандарттардан алыс. Қазақстанда өндіріс негізінен ескі технология және ескірген техникаға негізделеді. Экономиканың құрылымында қазіргі заманға сай ғылыми сиымды өндіріс жоқ. Реформа кезеңінде экономикаға тартылатын инвестиция көлемі өскені және Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығы жақсарғаны байқалды, ол өз кезегінде елдің қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін жақсы базаны қалыптастыруға көмек берді. Бұл жағдайда жасалған индустриалды - инновациялық стратегия елдің экономикасын жақсартудың маңызды факторларының бірі бола алады. Индустриалды-инновациялық дамудың негізгі мақсаты болып өңдеуші өнеркәсіп және қызмет көрсету сферасында бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған тауар, жұмыс және қызметтерді өндіру, өндірілетін өнімге халықаралық сапа стандартын енгізу болып табылады.

Қазіргі экономикалық жағдайда экономиканы тұрақтандыру және даму қарқынын көтерудің мақсатты саясатын іске асыру өнеркәсіптің дамуынсыз мүмкін емес, себебі гүлденген және қарқынды дамыған қоғамның іргетасы тек шикізат секторымен шектелмеген қазіргі бәсекеге қабілетті және ашық нарықтық экономика болуы мүмкін.

Индустриалды-инновациялық даму ел экономикасын елеулі құрылымдық өзгерістерге алып келері анық. Алайда бұл үрдіс мемлекет тарапынан ғылыми тұрғыда негізделген, ғаламдану процестерінен туындайтын қиындықтарға төтеп бере алатын мазмұнда жүргізілуі қажет. Қазіргі кезде ұлттық экономикада белең алып отырған кемшіліктердің бірі – аймақтардың географиялық, тарихи, табиғи, саяси т.б. факторларға байланысты әр деңгейде дамуы.

2007 жылдан бастап әлемдік экономикалық дағдарыс барлығымызды да Қазақстандағы экономикалық жағдайға енді басқаша көзқараспен үңілуге мәжбүрледі. Қаржылық институттардың саясатын, өнеркәсіптің хал-ахуалын және еліміздің орнықты

дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін аймақтардың ролін қайта қарауды талап етті. Республика Үкіметі тарапынан жасалған дағдарысқа қарсы жан-жақты шаралардың арқасында ғана белгілі бір дәрежеде тұрақтылықты сақтаудың, инфляция деңгейін ұстап тұрудың, қосымша жұмыс орындарын ашудың мүмкіндігі туды. Ең алдымен, еліміздің барлық аймақтарында сәтті жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік және инновациялық бағдарламаларға назар аударылуда. Екі жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Қазақстанда дағдарысқа қарсы шараларға 18 миллиард доллар бөлінді. Тіпті нағыз дағдарысты 2009 жылдың өзінде республикамыздағы экономика өсімі 1,1 пайызға, ал өнеркәсіп өнімдерін өндіру 1,7 пайызға ұлғайды.

Қазақстан дағдарысты жағдайдан шығуды, ТМД-ның басқа елдерінен бұрынырақ, дамудың жаңа кезеңіне көшудің мәселік алаңы ретінде қарастырды. Бұл Президенттің «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында айқындалған болатын. Бұл құжатта 2020 жылға дейінгі стратегиялық міндет ретінде еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы негізіндегі бәсекеге қабілетті инновациялық экономика құру бағыты белгіленген.

Мұндай бағытты мемлекетіміздің дамуының «Қазақстан - 2030» стратегиясына сәйкес жақын онжылдықтағы мақсаты ретінде қарастырған жөн. Еліміздің 2020 жылға дейінгі территориялық дамуының бағдарламасын жасап жатқан барлық аймақтар үшін осы бағыт айқындаушы қазық болмақ. Бұл мақсатты жүзеге асыру Қазақстан халқының өмір сүру сапасын айтарлықтай дәрежеде жоғарылатуға мүмкіндік береді. Бұл жетістікке ие болу үшін барлық мемлекеттік институттардың, кәсіпкерлік құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және қазақстандық қоғамның басқа да оң пейілді күштерінің ынта-ықыласын біріктіру керек.

Стратегиялық салаларға мемлекеттік қатысымды дамыту керек. Қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігіне ерекше назар аудару талап етілуде. Жаһандық экономика жағдайында мемлекет ролі күшейіп, кәсіпкерлік басымдық салаға айналуы қажет. Бұл міндеттердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып қала бермекші.

Бүкіл әлемдік экономикалық форум 2010 жылы жариялаған әлемдік бәсекеге қабілеттілік есебінде Қазақстан 67 орында тұрды. Осылайша біз оның алдындағы жылға қарағанда бір саты ғана төменге түстік. Ал басқа елдерде бұл тіпті күрделі жағдайда қалыптасып отыр. Мысалы, Украина өткен жылы он сатыға төмендеп, 72-орыннан 82-орынға түсті.

Қазақстан Республикасы әлемдегі алдыңғы қатарлы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарында болуы керектігі жөнінде міндет қойылған еді. Бұл қатарға ену Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынатын стандартты макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өлшенеді. Халықтың өмір сүру ұзақтығы, білім деңгейі, жан басына шаққандағы табыс осы өлшемге кіреді. Сондай-ақ бұл стандарттар Мемлекет басшысы белгілеген қосымша сапалық көрсеткіштермен толықтырылады. Бұған әрбір қазақстандықтың жеке пәтері, жеке автокөлігі, өз ісі немесе жұмысы бар-жоқтығы енеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі өткен жылы өңірлердің даму рейтингін шығарған болатын, онда облыстардың соңғы он жылдағы экономикалық әлеуеті қаралды. Бағалау кезінде әлеуметтік-экономикалық негізгі көрсеткіштерді қамтитын ресми статистикалық мәліметтер негізге алынды. Рейтинг қорытындысы бойынша облыстардың экономикалық өсу динамикасы анықталды. Экономикалық әлеует үш категорияға бөлінді: жоғары, орташа және төменгі даму динамикасы. Мысалға, Ақтөбе облысы Астана қаласымен, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, және Алматы облыстарымен қатар жоғары даму динамикасына жатқызылды.

Елімізде тоқыраудағы аймақтар санын кеміту де мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі. Олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға көшуін мемлекеттік дотация (демеуқаржы) есебінен теңгермелеу тұжырымы арқылы жүзеге асыруға болмайды.

Мемлекеттің дамуының стратегиялық мақсаты болып — бәсекеге қабілетті және сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін арзан жолмен өндірудің негізін қалауды орта және ірі ауыл шаруашылық өндірістерін құру арқылы жүзеге асыру.

Қорыта келгенде, елдің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған экономикалық саясат, инновациялық дамуға, адам әлеуетін дамытуға жасалатын бағдарлар құруда, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың тап болуына тура келетін жаңа заманауи ғаламдық әрекеттерді, соның ішінде климаттық өзгерістерді, азық-түлік және қаржы дағдарыстарынан шығу жолдарын қарастыру керек.

Әдебиеттер

1. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы (14 желтоқсан, 2012 жыл)
2. Аутов Р.Р. и др. Проблемы перехода совершенствования и внедрения новых форм хозяйствования в АПК. – Алматы: Изд «Полиграфия», 1992.
3. Н.Ә.Назарбаев, «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Президент және халық, №05, 5 ақпан 2010 жыл;

А.М. Джумабаева

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ

В статье рассмотрены проблемы повышения конкурентоспособности национальной экономики Республики Казахстан и пути их решения, а также стратегическая цель развития государства.

А.М. Dzhumabaeva

THE COMPETITIVENESS OF THE NATIONAL ECONOMY

The article deals with the problem of competitiveness and national economy of the Republic of Kazakhstan, as well as the strategic objective of development of the State.

UDC 31

D. Ismailova¹, Tomasz Wolowiec²

*Kokshe academy, Kazakhstan, Akmola oblast, Kokshetau city¹
Institute for Financial Research and Analyses, University of Information Technology and
Management in Rzeszow, Faculty of Economy. Poland, Rzeszów PL²*

FINANCIAL EDUCATION. DEFINITIONS, STEREOTYPES AND PROBLEMS

Annotation. Managing local government units in the 21st century faces new challenges connected to the conditions of knowledge-based economy. Currently the greatest approval is gained by the view which states that the ability to manage knowledge becomes a truly deciding